



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, жас ұрпақтың бойында туған жерге деген сүйіспеншілікті, туған өлкені танып-білуге деген құлшынысты ояту арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында «**Ауылым - алтын бесігім**» атты аудандық бейне-роликтер байқауы **сырттай** ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына 2025 жылдың 05 қарашасына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 3 парақта (байқаудың ережесі)

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы
М.Сванов

« 13 » қазан 2025 жыл

«Ауылым – алтын бесігім» атты бейне – роликтер байқауын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже байқауды өткізудің мақсаты мен міндеттерін, тәртібін анықтайды.

1. **Байқаудың мақсаты** – жас ұрпақтың бойында туған жерге деген сүйіспеншілікті, туған өлкені танып-білуге деген құлшынысты ояту арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

2. Байқаудың міндеттері:

- балалар бастамасын қолдау және ауыл, ауыл адамдарының әлеуметтік мәселелерін шешуге қоғам назарын аударту;
- балалар мен жасөспірімдедің патриоттық сезімдерін, азаматтық бастамаларын және жауапкершіліктерін дамыту;
- әлеуметтік жобаларды белсенді іске асыру арқылы балалардың қатысуға ынталандыру және қызығушылықтарын арттыру.
- жас ұрпақтың бойында туып-өскен жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, сол арқылы жалпы қазақстандық патриоттық рухты көтеруге атсалысу;

3. Байқау Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының тапсырмасы бойынша өткізіледі.

4. Байқаудың әділқазылар алқасының құрамын

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі қалыптастырады.

5. Байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалау, байқау жеңімпазын анықтау ісі, байқау комиссиясына жүктеледі.

2. Байқауды ұйымдастыру уақыты

6. Аудандық байқау 2025 жылдың қараша айының 07 қарашасында өткізіледі.

Білім беру мекемелерінің басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім (1-қосымша) және БЕЙНЕ – РОЛИК жұмысы 2025 жылғы 5 қарашаға дейін abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына қабылданады, байланыс телефоны: 87087157381;

3. Байқауға қатысушылар

7. Байқауға қатысу үшін үміткерлер өз туған жері туралы *дауыспен қатар жүргізілген бейне материал* әзірлеу керек.

8. Байқауға 12-16 жас аралығындағы оқушылар қатысады.

4. Байқауды өткізу шарттары және тәртібі

9. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

- байқау материалдарының мазмұны «**Ауылым-алтын бесігім**» тақырыбына сәйкес келуі тиіс;
- байқауға қазақ және орыс тіліндегі материалдар қабылданады;
- байқау материалдары мазмұны жағынан неғұрлым толық, техникалық жағынан барынша сапалы жасалуы қажет;
- байқау қатысушыларының авторлық шығармашылық идеяларына шектеу қойылмайды;
- Бейнежазбаның ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс;

10. Видео мазмұны:

- *Ауылдың көрікті жерлері;*
- *Ауылдағы салт-дәстүр;*
- *Тарихи немесе мәдени нысандар;*
- *Ауыл тұрғындарының еңбегі, өмірі.*
- *Қатысушының ауылға деген жүрекжарды пікірі.*

11. Байқаудың жеңімпаздарын білім бөлімі жанынан бекітілген қазылар алқасы бағалап, анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

12. Жобалар жеке және 3-қатысушыдан құралған командалардың орындауында болуы мүмкін.

13. Жұмыстар осы Ережеде көрсетілген талаптарға және ұсынылған тақырыптарға сай болуы қажет. Ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен кеш түскен және талапқа сай емес байқау материалдары қарастырылмайды.

5. Байқау материалдарын бағалаудың критерийлері:

14. Жобаларды бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- ұсынылған жұмыс мазмұнының Байқау тақырыптарына сәйкестігі;
- жобаның өзектілігі;
- жобаның әлеуметтік маңыздылығы;
- жобаны әзірлеуде дербестік;
- ұсынылған жобаның өміршеңдігі мен тәжірибелік маңызы;
- отбасылық құндылықтарды және ұрпақтар жалғастығын насихаттау;

- қайталанбастығы мен шығармашылық көрінісі.

6. Байқау қатысушыларын марапаттау

15. Байқаудың қатысушылары БАС ЖҮЛДЕ, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Ескерту: Ережеге сәйкес, видео мазмұнында көрсетілген барлық критерийлер назардан тыс қалмауы керек!

1-қосымша

Аудандық «Ауылым – алтын бесігім» атты бейне – роликтер байқауына қатысу туралы өтінім

1	Білім беру ұйымы	
2	Қатысушының аты - жөні	
3	Жетекшінің Т.А.Ә.	
4	Жетекшінің байланыс телефоны	
6	Видео – роликтің атауы	
7	Жетекшінің электронды поштасы	